

1. Сұйытылған газдарды стационарлық және тасымалдау түтігінде сақтау және тасымалдау үшін жабдықтайды
 - A) жоғары қысымдағы газ қорын жасаумен
 - B) түтіктен келетін қысымды автоматты жабатын кері клапанмен
 - C) қызу жылдамдығы мен біртектілігін бақылау приборымен
 - D) жоғары тиімді жылулық оқшаулаумен
 - E) дыбыстық, жарықтық және басқа да дабыл сигнализаторлармен
2. Тұтынушыдан зауыт-толтырушылармен қабылданатын сығылған газдар үшін баллондағы қалдық қысым болуы тиіс
 - A) 0,05 МПа кем емес және 0,1 МПа көп емес
 - B) 0,1 МПа кем емес
 - C) 0,05 МПа кем емес
 - D) 0,05 МПа көп емес
 - E) 0,1 МПа кем емес және 0,5 МПа көп емес
3. Өнім дегеніміз
 - A) материалдық-заттай нысанда ұсынылған және шаруашылық және өзге де мақсаттарда одан әрі пайдалануға арналған қызмет нәтижесі
 - B) өнімнің өмірлік циклінің процестерін қоса алғанда, қандай да бір тапсырылған нәтижеге жету жөніндегі өзара байланысты және дәйекті іс-қимылдар (жұмыстар) жиынтығы
 - C) өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау жүзеге асырылатын рәсім
 - D) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, нәтижелерінің материалдық мәні болмайтын қызмет
 - E) сәйкестікті растау жөніндегі органдардың қатысуымен өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау рәсімі
4. Белгіленген тәртіппен сәйкестікті бағалаудан өтпеген өнімді жарнамалауға жол бермейтін құжат
 - A) техникалық жүктемелер
 - B) техникалық нормалар
 - C) техникалық ережелер
 - D) техникалық регламенттер
 - E) техникалық заңдар
5. Жанғыш ортада жану көздерінің пайда болу жағдайларын болдырмау тәсілі
 - A) өрт кезінде түтіндеумен күресу үшін ғимараттар мен құрылыстардың көлемдік-жоспарлық шешімдерін қолдану
 - B) өртке қарсы бөгеттер салу
 - C) көлемдік-жоспарлық шешімдерді және ошақтан тыс өрттің таралуын шектеуді қамтамасыз ететін құралдарды қолдану
 - D) жанбайтын заттар мен материалдарды қолдану
 - E) жарылыс қауіпті және (немесе) өрт қауіпті аймақ класына, жарылыс қауіпті қоспа санаты мен тобына сәйкес келетін электр жабдығын қолдану

6. Жарылу қаупі, өрт қаупі бар заттарға, қауіптіліктің 1 және 2 тобындағы заттарға арналған ыдыстар, сондай-ақ отпен немесе газбен қыздырылатын буландырғыштар жабдыкталады
- A) кері клапанмен
 - B) манометрмен
 - C) деңгей көрсеткішпен
 - D) термометрмен
 - E) сақтандырғыш құрылғымен
7. Сәйкестікті растау жөніндегі маман
- A) сарапшы-аудитор
 - B) экономист
 - C) маркетинг
 - D) бухгалтер
 - E) менеджер
8. Көтергіш-көлік машиналары мен құралдарын пайдалану кезінде туындайтын негізгі қауіптіліктер
- A) көтергіш-көлік машиналарының күнделікті техникалық тексеруден өтпеуі
 - B) жүк арқанының үзілуі салдарынан биіктіктен жүктің құлауы немесе жүк қармайтын құралдағы ақаулық
 - C) көтергіш-көтергіш машиналарына қызмет көрсететін персоналдың біліксіздігі
 - D) көтергіш-көлік құралдарының мерзімдік техникалық куәландырудан өткізілмеуі
 - E) көтергіш-көлік машиналарының сәйкес органдарда тіркелмеуі және есепке алынбауы
9. Барлық рәсімдерді орындаудың оң нәтижелері болған жағдайда өнімдерге, процестерге және көрсетілетін қызметтерге сәйкестікті растау жөніндегі орган беретін құжат
- A) сәйкестік құжаты
 - B) сәйкестік аттестаты
 - C) сәйкестік дипломы
 - D) сәйкестік куәлігі
 - E) сәйкестік сертификаты
10. Сериялы өндірілетін өнімді сертификаттауға дайындаушы тұлға
- A) сәйкестікті растаушы
 - B) өтінім беруші
 - C) импорттаушы
 - D) экспорттаушы
 - E) өтінім қабылдаушы